

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДЛЕТ МИНИСТРИЛІГІ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

\*  
«25» маңын 2015 ж.  
ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕҢ ӨТКІЗІЛП  
№ 2319-194301-МК № 090240014548.  
БЕРИЛДІ

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2018 жылдың «6»  
маңын № 85  
қаулысымен бекітілген



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДЛЕТ МИНИСТРИЛІГІ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2015 ж. «25» маңын  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕҢ (АЙТА ТІРКЕУДЕҢ) ӨТКІЗІЛГЕН ТҮЛҒАНЫҢ  
№ 2319-194301-МК ЮОЛЛЫК ЖӘНЕ  
БСН 090240014548 ЖАРҒЫСЫНА  
2018 ж. «23» маңын ЕҢГІЗІЛГЕН  
ТОЛЫҚТЫРУУАР МЕН ӘСТЕРТУУ ЕР ТІРКЕЛДІ

**Маңғыстау облысының деңсаулық сақтау  
басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы  
«Ақтау қалалық перинаталдық орталығы»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**

**ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдық-құқықтық нысаны:

мемлекеттік кәсіпорын (МК)

Мемлекеттік меншіктің түрі:

коммуналдық

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы,  
Маңғыстау облысы, 130000,  
Ақтау қаласы, 1а шағын аудан,  
аурухана қалашығы, 29 ғимарат

Ақтау қаласы  
2018 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ақтау қалалық перинаталдық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы (жедел басқару құқығындағы) мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 141 қаулысына сәйкес қайта құру жолымен қайта ұйымдастыру және қайта атау нәтижесінде құрылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Маңғыстау облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтау қалалық перинаталдық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

орыс тілінде: государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Актауский городской перинатальный центр» Управления здравоохранения Мангистауской области».

7. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 1а шағын аудан, аурухана қалашығы, 29 ғимарат.

## 2. Кәсіпорынның зандық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және занды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес тәңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні халыққа мамандандырылған және жоғары мамандандырылған акушериялық, гинекологиялық және неонатологиялық көмек көрсету, тегін медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың кепілдік берілген көлемінде облыстағы жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге, жаңа босанған және босанғаннан кейінгі кезендеңі әйелдерге, көбінесе ауыр патологиямен босанған әйелдерге, жаңа туылған нәрестелер мен гинекологиялық ауруы бар науқастарға қолжетімді және уақтылы мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа көрсетілетін медициналық-перинаталды көмектің деңгейін арттыру және сапасын жақсарту; ана өлім-жітімін болдырмау; перинаталды өлім-жітімді, гинекологиялық ауру-сырқауды және өлім-жітімді төмендету; асқынған жүктіліктің, босанған әйелдердің және гинекологиялық науқастардың ауруларын диагностикалау мен емдеудің заманауи технологияларын жұмыс практикасына енгізу; халықты қанағаттандыруды қамтамасыз ету және медициналық көмектің сапасын жақсарту болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

жүкті әйелдер мен гинекологиялық науқастарға, оның ішінде ауыр акушерлік-гинекологиялық анамнездің, экстрагениталдық патологияның, босандыру және жүктілікті жүргізудің оңтайлы тактикасын таңдал, заманауи медициналық технологияны пайдалану арқылы амбулаторлық консультациялық-диагностикалық көмек көрсету; медициналық көмек көрсету деңгейін сақтау, босанғаннан кейінгі кезенде госпитализациялаудың уақытылығы және оқалтудың қажеттілігі бойынша бақылауды жүзеге асыру; жүктіліктің, босану мен босанғаннан кейінгі кезендеңі асқынған ағымнан кейінгі әйелдерді оқалту; зертханалық зерттеулер (жалпы клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық, иммунды-ферментті, цитологиялық зерттеулер), рентгенологиялық, функционалдық (ультра-дыбыстық зерттеу, электрокардиография); медициналық оқалту, қалпына келтіру емі;

жоғары қауіп тобындағы, оның ішінде асқынумен өтетін жүктілікті, ұрпақты болу жүйесінің аурулары, экстрагениталдық патологиялары бар әйелдерге жүктілік және босану кезеңінде, сондай-ақ босанғаннан кейінгі кезенде стационарлық акушериялық-гинекологиялық көмек көрсету; жүктілікті көтере алмаушылыққа кешенді емдеу;

әйелдерге реанимациялық көмекті және қарқынды терапияны көрсету; емдік-қорғау режимінің заманауи қағидаттарын барынша сақтау арқылы шала туған нәрестелерге, оның ішінде дene салмағы экстремалдық төмен туылған нәрестелерге реанимациялық көмекті және қарқынды терапияны көрсету; шала

туған, салмағы аз және ауру балаларды күту және қалпына келтіру; тұған кезеңінен бастап нәрестелерге бейімделуіне барынша жайлыша жағдайлар жасау;

әр түрлі перинаталдық патологиясына шалдыққан балаларға жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету; неонатологиялық хирургияны дамыту: іштегі нәресте мен жаңа тұған нәрестелерге жоғары технологиялық медициналық көмекті қолдану арқылы кеуде клеткасы және көкірек қуысы органдарының, асқазан-ішек жолы, несеп жүйесі, орталық жүйке жүйесі, тірек-қимыл аппаратының туа біткен ауытқуларын диагностикалау және хирургиялық емдеу; балаларды стационардан шығарғаннан кейін динамикалық байқау жүргізу және емдеу; перинаталдық патологиясының кейінгі зардаптарына профилактика жүргізу;

ұрпақты болу функциясын қалпына келтіру және гинекологиялық ауруларды емдеу мақсатында әр түрлі гинекологиялық патологиямен ауыратын науқастарды лапароскопиялық және гистероскопиялық жабдығын қолдану арқылы жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

медицинадық-генетикалық консультация беру: дәрігерлік консультациялар мен зерттеулер; ұрық тәні дамуының кемістіктерін, жүктілікті жүргізудің, босану мерзімін таңдау және босандың одан арғы тактикасы мен тәсілін анықтау арқылы перинаталдық диагностикалау;

жедел және шүғыл медициналық көмек көрсету, тасымалдау кезінде медициналық сүйемелдеп алып жүру; Кәсіпорында санавиация желісі бойымен облыстың шалғай аудандарынан ауыр жағдайдағы жүкті әйелдер мен жаңа тұған нәрестелерге көшпелі консультациялық көмек көрсету және тасымалдау;

консультациялық-практикалық көмек көрсету, оның ішінде телекоммуникациялық ақпаратты-талдау жүйесін пайдалану арқылы өнірлерге шығу (реанимациялық, акушериялық-гинекологиялық, неонаталдық бригадалар);

облыстың перинатальдық көмек мәселелері бойынша дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің кәсіби даярлықтарын арттыруды қоса алғанда, медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары мен перзентханаларға (босану бөлімшелеріне) ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

акушерия, гинекология және перинатологияның өзекті мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ жергілікті жерлерде мастер-кластар өткізу; отбасын жоспарлау мәселелері бойынша халыққа консультация беру;

акушериялық-гинекологиялық пен неонатологиялық қызметтерде диагностикалау мен емдеу хаттамаларын және алгоритмдерін әзірлеуге және енгізуге қатысу;

облыстың және кәсіпорынның акушериялық, гинекологиялық және неонатологиялық қызметтердің негізгі көрсеткіштерін жинауды және статистикалық деректеріне талдауды жүргізу;

уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптамасын жүзеге асыру, жүктілігі және босануы бойынша гинекологиялық науқастарға еңбекке жарамсыздық парагын беру; еңбекке жарамдылықты тұрақты жоғалту белгілері бар әйелдерді

медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу; облыстың медициналық ұйымдарына оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету;

науқастарға және олардың уақытылы емдеуге жатқызылуына мониторинг жүргізу мақсатында республикалық денсаулық сақтау ұйымдарымен және әйелдер кенестерімен және облыстың басқа да емдеу ұйымдарымен «көрі байланыс» қағидаты бойынша ақпараттармен алмасу;

өз құзыretі шегінде мемлекеттік органдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен, меншік түрлеріне қарамастан басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен, тағы басқа ведомстволармен, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама ұйымдарымен, өнеркәсіптік, оқу, сауда, ауыл шаруашылық және басқа да ұйымдармен азаматтардың денсаулығын сақтау, ғылыми-медициналық, техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

акушериялық, гинекологиялық, неонатологиялық көмек көрсетудің сапасына сараптама жүргізу; әр түрлі патологиямен туған нәрестелерді емдеу және оналту нәтижелері туралы деректерді жүйелеу;

әйелдерге медициналық-психологиялық көмекті жүзеге асыру;

перинаталдық көмек, ұрпақты болу және қауіпсіз ана болу мәселелері бойынша халыққа арналған қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету;

санитариялық-ағарту жұмыстарын, оның ішінде жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу;

ақылы медициналық көрсетілетін қызметті көрсету, олардың тізбесін кеңейту;

кадрлар іріктеу және орналастыру, медицина кадрларын және басқа да персоналды аттестациядан өткізуді және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, персоналдың жоғары еңбек өнімділігі мен тынығуы үшін жағдайлар жасау (жұмыс орындарын компьютерлендіру және т.б) персоналдың еңбек нәтижелерін есепке алу және ағымдағы қызметін бақылау, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу;

медицина саласындағы халықаралық және республикалық ғылыми-зерттеу бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметінің өзге де түрлери.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыretін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе құрылтайшының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының занды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып

табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### **4. Кәсіпорынды басқару**

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге атқарушы органға өкілеттік береді;

19. Тиісті саладағы үәкілетті органды:

1) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндettі көлемдерін айқындауды;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорынның даму, жоспарын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

6) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Еңбек Кодексі) сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Еңбек Кодексінде белгіленген жағдайлардан басқа бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмаганы үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

8) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (ага) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйакы жүйесін белгілейді;

9) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

24. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді,

5) банктік шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Еңбек Кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұздады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйықы жүйесін бекітеді;

9) тиісті саланың уәкілетті органына өзінің орынбасарларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға кандидатура ұсынады;

10) өзінің орынбасарларымен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5. Кәсіпорынның байқау кеңесі**

26. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорының иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорының және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорының басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге катысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындейдьы, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындейдьы, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорының осы жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорының басқа занды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорының филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

27. Кәсіпорының байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

28. Кәсіпорының байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының), байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

29. Кәсіпорының байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорының байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырыска шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорының байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы катысса, занды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

30. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорының байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

31. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

## **6. Кәсіпорынның мұлкі**

32. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

33. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін мұлік болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорынның қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

34. Кәсіпорынның мұлкі:

оған меншік иесі берген мұліктің;

өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

35. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болу мүмкін.

36. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғымен өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтық табигатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінде (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Шаруашылық жүргізудегі мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мұлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

39. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйфа тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

40. Кәсіпорынның мұлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, меншік құқығын тоқтату үшін Азаматтық Кодекстің 249-бабында көзделген негіздері бойынша және тәртіппен, сондай-ақ «Мемлекеттік мұлік туралы» заңын 144, 154, 162 баптарында қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

41. Кәсіпорын құрылтайшының жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

филиалдар, өкілдіктер құруға;

оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

қарыздар беруге құқылы.

42. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

43. Егер Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексімен немесе меншік иесімен (жергілікті атқарушы орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 41 және 42-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **7. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

44. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

45. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін облыстық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

46. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

47. Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

48. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарын, табиғи монополиялар субъектілерінің немесе тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеуін реттейтін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодекстің талаптарын ескере отырып белгіленеді.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

50. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 527 066 914,92 (бес жүз жиырма жеті миллион алпыс алты мың тоғыз жүз он төрт) теңге 92 тиынды құрайды.

### **9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

51. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсіпорынның жылдың қаржылық есеп беруі: бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

53. Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша жүргізілуі мүмкін жылдың қаржылық есеп беру аудитін Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізеді.

### **10. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

54. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

55. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды қоспағанда, кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

### **11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

56. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

57. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйакы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындейды.

58. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйакы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

59. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Еңбек Кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

60. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

61. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органдының шешімі бойынша жүргізіледі.

62. Кәсіпорын Азаматтық Кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

63. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

64. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

65. Кәсіпорынның Жарғысына барлық өзгерістер мен толықтырулар жергілікті атқарушы органдың шешімі бойынша жүргізіледі.

Утверждено  
постановлением акимата  
Мангистауской области  
от «20 » июня 2018 года № 85



**УСТАВ**  
**государственного коммунального**  
**предприятия на праве хозяйственного ведения**  
**«Актауский городской перинатальный центр»**  
**Управления здравоохранения Мангистауской области**

Организационно- правовая форма: государственное предприятие (ГП)

Вид государственной собственности: коммунальная

Место нахождения:  
 Республика Казахстан,  
 Мангистауская область, 130000,  
 город Актау, 1а микрорайон,  
 больничный городок, здание 29

город Актау  
 2018 год

## **1. Общие положения**

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Актауский городской перинатальный центр» Управления здравоохранения Мангистауской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в результате реорганизации путем преобразования и переименования в соответствии с постановлением акимата Мангистауской области от 8 мая 2015 года № 141.

3. Учредителем Предприятия является акимат Мангистауской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет акимат Мангистауской области (далее – местный исполнительный орган).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление здравоохранения Мангистауской области» (далее – уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия:

На русском языке: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Актауский городской перинатальный центр» Управления здравоохранения Мангистауской области.

На государственном языке: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтау қалалық перинаталдық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

7. Местонахождение: Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, город Актау, 1а микрорайон, больничный городок, здание 29.

## **2. Юридический статус Предприятия**

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданские-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

## **3. Предмет и цели деятельности Предприятия**

12. Предметом деятельности Предприятия являются оказание специализированной и высокоспециализированной акушерской, гинекологической и неонатологической помощи населению, оказание доступной и своевременной специализированной медицинской помощи беременным женщинам, роженицам, родильницам, преимущественно с наиболее тяжёлой патологией, новорожденным детям и гинекологическим больным области в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования.

13. Целями деятельности Предприятия являются повышение и улучшение качества на высокий уровень оказываемой медицинской - перинатальной помощи населению; недопущение материнской смертности, снижение перинатальной смертности, гинекологической заболеваемости и смертности, внедрение в практику работы современных технологий диагностики и лечения осложнений беременности, заболеваний родильниц и гинекологических больных, обеспечение удовлетворенности населения и улучшение качества медицинской помощи.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

оказание амбулаторной консультативно-диагностической помощи беременным и гинекологическим больным, в том числе с отягощенным акушерско-гинекологическим анамнезом, с экстрагенитальной патологией, с использованием современных медицинских технологий, выбор оптимальной тактики ведения беременности и родоразрешения; осуществление контроля по соблюдению уровня оказания медицинской помощи, своевременности госпитализации и необходимости реабилитации в послеродовом периоде; реабилитация женщин после осложненного течения беременности, родов и послеродового периода; лабораторные исследования (общеклинические, биохимические, бактериологические, иммуно-ферментные, цитологические исследования), рентгенологическая, функциональная (ультразвуковое исследование, электрокардиография); медицинская реабилитология, восстановительное лечение;

оказание стационарной акушерско-гинекологической помощи женщинам из групп высокого риска, в том числе с осложненным течением беременности, с заболеваниями органов репродуктивной системы, с экстрагенитальной патологией, в период беременности и родов, а также в послеродовом периоде; комплексное лечение невынашивания беременности;

